

Ең аз резервтік талаптар туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 3 тамыздағы N 300. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1974. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 38 Қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 38 Қаулысымен.

Банк қызметін реттейтін заңдарды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді** :

1. Ең аз резервтік талаптар туралы ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап бір ай өткеннен кейін күшіне е н е д і .

3. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):
1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Ең аз резервтік талаптар
туралы ережені бекіту жөнінде"
2002 жылғы 3 тамыздағы
N 300 қаулысымен бекітілген

Ең аз резервтік талаптар туралы ереже

Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және банктердің есеп айырысу үшін

қолданылатын міндеттемелерінің құрылымын, ең аз резервтік талаптарды орындау шарттарын және оларды резервтеу тәртібін, сондай-ақ ең аз резервтік талаптар нормативтерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен.

1. Ең аз резервтік талаптардың белгілі бір күнге мөлшері резервтік талаптар нормативінің мәнін банктің осы күнге резервтік міндеттемелерінің көлеміне көбейту арқылы айқындалады.

Банктің резервтік міндеттемелері:

банктің сыртқы міндеттемелері мен сыртқы резервтік активтерінің сомалары арасындағы оң айырмасының;

банктің ішкі міндеттемелерінің сомасы ретінде есептеледі.

Сыртқы (ішкі) міндеттемелерді есептеген кезде басқа банктердің алдындағы міндеттемелер алынып тасталады.

Резервтік талаптар нормативінің мәнін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) белгілейді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. Банктің сыртқы міндеттемелері резидент еместердің алдында мынадай міндеттемелердің баланстық құны бойынша сомасы ретінде есептеледі:

халықаралық қаржы ұйымдары алдындағы міндеттемелер;

арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары;

борыштық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер;

реттелген борыштар.

Сыртқы резервтік активтер:

Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісінен төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар мемлекеттердің қолма-қол шетел валютасының;

Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісінен төмен емес тәуелсіз рейтингісі бар мемлекеттердің орталық банктеріндегі шоттардағы ақша;

шетелдік банктердегі шоттардағы ақша, ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі

Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісінен төмен емес резидент емес - ұйымдардағы салымдар;

екінші деңгейдегі банктердің дилерлік қызметті жүзеге асыруына рұқсат етілген шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарға баланстық құны бойынша инвестициялар;

рейтингісі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісінен төмен емес

халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына инвестициялар сомасы ретінде есептеледі.

Банктің ішкі міндеттемелері өтелу (толық немесе ішінара) мерзімі ағымдағы және одан кейінгі айларда басталатын резидент-клиенттердің алдындағы міндеттемелер сомасы ретінде есептеледі.

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Банктердің ең аз резервтік талаптарды орындауының екі тәсілі белгіленеді:

1) банктің ақшасын резервтік активтердің қалыптастырылу кезеңінде резервтік активтердің орташа көлемі резервтік талаптарды анықтау кезеңіндегі ең аз резервтік талаптардың орташа мөлшерінен кем болмайтындай етіп резервтік активтерге орналастыру.

Қалыптастыру кезеңіндегі әрбір күнгі резервтік активтердің көлемі ең аз резервтік талаптарды анықтау кезеңі үшін есептелген ең аз резервтік талаптардың орташа мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Ең аз резервтік талаптарды анықтау кезеңі резервтік активтерді қалыптастыру күніне дейін екі күн бұрын алдындағы он төрт күнтізбелік күннен тұрады.

Резервтік активтер:
қолма-қол ақша;

Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы ақша сомасы ретінде есептеледі.

2) айдың әрбір күніне депозитке салынған ақша сомасы осы айдың бірінші жұмыс күніне есептелген ең аз резервтік талаптардың мөлшерінен кем болмайтындай етіп, ай сайын Ұлттық Банкке теңгемен депозитке салу.

Ақшаны депозитке салу әр айдың 5-ші күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

4. Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктер осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ең аз резервтік талаптарды орындайды.

Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушылары болып табылатын, резервтік активтерді қалыптастырудың қатарынан үш кезеңі ішінде ең аз резервтік

талаптарды орындау тәртібін үш рет және одан да көп бұзған банктер, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушылары болып саналмайтын банктер осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ең аз резервтік талаптарды орындайды.

5. Банк ең аз резервтік талаптарды орындау үшін осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілден оның 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәсілге көшкен кезде банктің Ұлттық Банкке депозитке салынған ақшасы резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінде бірінші күні банктің корреспонденттік есепшотына аударылады.

Банк осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәсіл бойынша ең аз резервтік талаптарды орындауды банкті жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне енгізу туралы шешім қабылданған айдан кейінгі айдағы резервтік активтер қалыптастырудың алғашқы кезеңінен бастап жүзеге асыра бастайды.

Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылатын және осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ең аз резервтік талаптарды орындаған банк осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ең аз резервтік талаптарды орындау үшін қатарынан алты ай бойы ең аз резервтік талаптарды орындаған жағдайда ғана көшірілуі мүмкін.

6. Банк осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәсілден осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілге көшкен кезде банк ақшаны теңгемен Ұлттық Банкке мынадай мерзімге депозитке салуы керек:

банк жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, банктің шығарылған күніне, осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелген сомада;

ең аз резервтік талаптарды орындау тәртібін үшінші рет бұзуға жол берілген кезеңнен кейін резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінің басында үш жұмыс күні ішінде, үшінші тәртіп бұзылған күннен кейінгі жұмыс күнінде осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелген сомада.

6 - 1 . Б а н к т е р :

1) осы Ереженің 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәсілге сәйкес ең аз резервтік талаптарды орындайтын банктер үшін - осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, резервтік активтерді қалыптастырудың есептік кезеңінің соңғы күнінен кейінгі бесінші күннен;

2) осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәсілге сәйкес

ең аз резервтік талаптарды орындайтын банктер үшін - осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмейтін мерзімдерде Ұлттық Банкке ең аз резервтік талаптар нормативінің орындалуы туралы ақпарат ұсынады.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

7 . < * >

Ескерту: 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

8. Банктер осы Ереженің 8-1-тармағында белгіленген мерзімдерде Ұлттық Банкке :

1) осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы ақпарат (бұдан әрі - Ақпарат);

2) осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ең аз резервтік талаптарды есептеуге арналған қосымша ақпарат (бұдан әрі - Қосымша ақпарат) ұсынады .

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

8-1. Банктер осы тармақтың екінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда Ақпаратты және Қосымша ақпаратты күн сайын (бұдан әрі - күн сайынғы ақпарат) есепті күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайын (бұдан әрі - ай сайынғы ақпарат) есепті айдың соңғы күнінен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады.

Он және одан көп филиалы бар банктер күн сайынғы ақпаратты есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей және ай сайынғы ақпаратты есепті айдың соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады.

Ескерту: 8-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

8-2. Күн сайынғы ақпарат электрондық тасымалдағышпен, ай сайынғы ақпарат электрондық тасымалдағышпен және қағазға басып ұсынылады.

Қағазға басылған ай сайынғы ақпаратқа банктің бірінші басшысы және бас бухгалтері қол қояды және мөрмен расталады. Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда ай сайынғы ақпаратқа оларға осы құжаттарға сәйкес қол қоюға уәкілеттік берілген тұлға қол қояды және ішкі құжаттар деректерінің көшірмесімен бірге Ұлттық Банкке ұсынылады.

Қағазға басылған ай сайынғы ақпарат электрондық тасымалдағышпен ұсынылған ай сайынғы ақпаратқа сәйкес келуі тиіс.

Ескерту: 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

8-3. Ең аз резервтік талаптар нормативі бұзылған жағдайда банк бұзылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде Ұлттық Банкке ең аз резервтік талаптар нормативінің бұзылу фактісі және себептері туралы оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып хабарлайды.

Ескерту: 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

9. Егер банктің Ұлттық Банкке депозитке салған ақшасының қалдығы банктің ең аз резервтік талаптарының мөлшерінен асып кететін болса, жоғарыда көрсетілген шектен асып кеткен ақша сомасы банктің корреспонденттік есепшотына аудырылады.

10. Банк осы Ереженің талаптарын орындамаған жағдайда Ұлттық Банк банкке Қазақстан Республикасының банк заңдарында көзделген ықпал етудің шектеу шараларын немесе санкцияларды қолдануға құқылы.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 13 маусымдағы N 173 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) , 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

11. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Ең аз резервтік талаптар
туралы ережені бекіту жөнінде"
2002 жылғы 3 тамыздағы N 300
қаулысымен бекітілген
Ең аз резервтік талаптар
туралы ережеге
N 1 қ о с ы м ш а

N 2 қосымша

Ескерту: 1-2-қосымшалар алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

Ең аз резервтік талаптар
туралы ережеге 3-қосымша

Ескерту: 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .

(банктің атауы)

**Ең аз резервтік талаптар нормативінің
орындалуы туралы ақпарат**

Ең аз резервтік талаптарды айқындау кезеңінің күні	Ішкі міндеттемелер	Сыртқы резервтік активтер	Сыртқы міндеттемелер	Резервтік міндеттемелер [5-4]+3	Ең аз резервтік талаптар нормативі (сомасында)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Ең аз резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінің күні	Резервтік активтер			
	Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы ақша қалдығы		Қолма-қол теңге	Резервтік активтер жиынтығы
	теңгемен	ш е т е л валютасымен		
7	8	9	10	11

Кестені толтыруға түсініктеме:

2-5, 8-11-бағандардағы мәндер тұтас мың теңгемен көрсетіледі;
2-5, 8-11-бағандардағы 500-ге тең және одан кем мәндер нөлге дейін дөңгелектенеді, 500-ден асатын мәндер мыңға дейін дөңгелектенеді.

Бірінші басшы _____
(а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____
(а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Мөр орны

Ең аз резервтік талаптар
туралы ережеге 4-қосымша

*Ескерту: 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .*

(банктің атауы)

**Ең аз резервтік талаптар нормативінің
орындалуы туралы ақпарат**

Күні	Міндеттемелер сомасы	Ең аз резервтік	Ұлттық Банкте депозитке	Ең аз резервтік талаптар туралы ережеде белгіленген мерзімдерде

		талаптар нормативі	салынған ақша сомасы	Ұлттық Банкте депозитке салынатын ақша сомасы
1	2	3	4	5

Кестені толтыруға түсініктеме:

2-5-бағандардағы мәндер тұтас мың теңгемен көрсетіледі;
бағандардағы 500-ге тең және одан кем мәндер нөлге дейін дөңгелектенеді;
500-ден асатын мәндер мыңға дейін дөңгелектенеді.

Бірінші басшы _____
(а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Бас бухгалтер _____
(а т ы - ж ө н і) _____ (қ о л ы)

Мөр орны

Ең аз резервтік талаптар
туралы ережеге 5-қосымша

*Ескерту: 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2005 жылғы 17 қарашадағы N 146 қаулысымен .*

_____ жағдай бойынша

_____ (екінші деңгейдегі банктің толық атауы)

баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы ақпарат

**1. Баланстық шоттардағы активтер, міндеттемелер
және меншікті капитал қалдығы туралы ақпарат**
(мың теңгемен)

Баланстық шоттардың нөмірлері	Шоттардың және баланстық шоттардың кластарының, топтарының атауы	Сомасы
	I класс - Активтер	
1000	Ақша	
1001	Кассадағы қолма-қол ақша	
1002	Жолдағы банкноттар және металл ақша	
1003	Айырбастау пункттеріндегі қолма-қол ақша	
1005	Банкоматтардағы қолма-қол ақша	
1006	Жолдағы жол жүру чектеріндегі ақша	
1007	Кассадағы қымбат металдардан дайындалған монеталар	
1008	Жол чектеріндегі ақша	
1009	Қымбат емес металдардан дайындалған, кассадағы коллекциялық монеталар	

1010	Аффинирленген қымбат металдар			
1011	Аффинирленген қымбат металдар			
1012	Жолдағы аффинирленген қымбат металдар			
1013	Металл шоттарға орналастырылған аффинирленген қымбат металдар			
1050	Корреспонденттік шоттар			
1051	Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоты			
1052	Банктің басқа банктердегі корреспонденттік шоттары			
1054	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар)			
1100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне талаптар			
1101	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар (бір түнге)			
1102	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі талап ету салымдары			
1103	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді салымдар			
1104	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтер			
1105	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша дисконт			
1106	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы			
1200	Бағалы қағаздар			
1201	Саудаға арналған бағалы қағаздар			
1202	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек			
1204	Бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған арнайы резервтер (провизиялар)			
1205	Сатып алынған, саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша дисконт			
1206	Сатып алынған, саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы			
1207	Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы			
1208	Саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты			
1209				

	Саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты	
1250	Басқа банктерге орналастырылған салымдар	
1251	Басқа банктерге орналастырылған салымдар (бір түнге)	
1252	Басқа банктерге орналастырылған талап ету салымдары	
1253	Басқа банктерге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (бір айға дейінгі)	
1254	Басқа банктерге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (бір жылға дейінгі)	
1255	Басқа банктерге орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар	
1256	Басқа банктерге орналастырылған шартты салымдар	
1257	Басқа банктердің салымдар бойынша мерзімі өткен берешегі	
1259	Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша арнайы резервтер (провизиялар)	
1260	Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты	
1261	Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын теріс түзету шоты	
1262	Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын оң түзету шоты	
1263	Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын теріс түзету шоты	
1264	Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотека компаниясының міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым	
1265	Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша дисконт	
1266	Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы	
1267	Банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық компанияның міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қадарлық) ретінде берілген ақшаны сақтау шоты	
1300	Басқа банктерге берілген заемдар	
1301	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт заемдары	
1302	Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар	

1303	Басқа банктерге берілген овернайт заемдар	
1304	Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар	
1305	Басқа банктерге қаржы лизингі	
1306	Заемдар бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегі	
1309	Қаржы лизингі бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегі	
1310	Басқа банктерге берілген заемның құнын оң түзету шоты	
1311	Басқа банктерге берілген заемның құнын теріс түзету шоты	
1312	Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконт	
1313	Басқа банктерге берілген заемдар бойынша сыйлықақы	
1319	Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша арнайы резервтер (провизиялар)	
1320	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі	
1321	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген овердрафт заемдары	
1322	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қысқа мерзімді заемдар	
1323	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген ұзақ мерзімді заемдар	
1324	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын оң түзету шоты	
1325	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын теріс түзету шоты	
1326	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қаржы лизингі	
1327	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша мерзімі өткен берешек	
1328	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек	

1329	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша арнайы резервтер (провизиялар)	
1330	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша дисконт	
1331	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша сыйлықақы	
1350	Филиалдармен есеп айырысу	
1351	Бас офисімен есеп айырысу	
1352	Жергілікті филиалдармен есеп айырысу	
1353	Шетелдік филиалдармен есеп айырысу	
1400	Клиенттерге талаптар	
1401	Клиенттерге берілген овердрафт заемдары	
1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар	
1405	Клиенттердің есепке алынған вексельдері	
1406	Клиенттердің есепке алынған вексельдері бойынша бұрынғы есептеген сыйақы	
1407	Клиенттерге факторинг	
1409	Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар	
1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар	
1420	Клиенттерге берілген қаржы лизингі	
1421	Қаржы лизингі бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі	
1422	Клиенттерге форфейтинг	
1423	Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1424	Заемдар бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі	
1425	Клиенттердің наразылық білдірілген вексельдері	
1428	Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша арнайы резервтер (провизиялар)	
1429	Клиенттерге берілген өзге де заемдар	
1430		

	Клиенттерге берілген заемның құнын оң түзету шоты	
1431	Клиенттерге берілген заемның құнын теріс түзету шоты	
1432	Есепке алынған вексельдер бойынша дисконт	
1433	Есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы	
1434	Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт	
1435	Клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйлықақы	
1445	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері	
1450	Өзге бағалы қағаздар	
1451	Өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар	
1452	Сатуға жарамды бағалы қағаздар	
1453	Сатып алынған басқа да бағалы қағаздар бойынша дисконт	
1454	Сатып алынған басқа да бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы	
1455	Басқа да бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушыларға есептелген сыйақы	
1456	Басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты	
1457	Басқа да бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты	
1458	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары	
1458	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары	
1460	Жалпы резервтер (провизиялар)	
1462	Банк қызметіне байланысты дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1463	Банктік емес қызметке байланысты дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1464	Бағалы қағаздар бойынша шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1465	Кредиттік қызметіне байланысты шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1467	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1469		

	Өзге де банктік қызметке байланысты шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
1470	Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар	
1471	Еншілес ұйымдарға инвестициялар	
1472	Тәуелсіз ұйымдарға инвестициялар	
1475	Реттелген борышқа инвестициялар	
1476	Өзге инвестициялар	
1550	Төлемдер бойынша есеп айырысу	
1551	Басқа банктермен есеп айырысу	
1552	Клиенттермен есеп айырысу	
1600	Тауар-материалдық қорлар	
1601	Тазартылмаған қымбат металдар	
1602	Өзге тауар-материалдық қорлар	
1603	Қымбат металдан жасалған, қоймадағы металл ақша	
1604	Қымбат емес металдардан дайындалған, қоймадағы коллекциялық монеталар	
1 6 5 0 / 1690	Негізгі құрал-жабдықтар және материалдық емес активтер	
1651	Салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құрал-жабдықтар	
1652	Жер, үйлер және ғимараттар	
1653	Компьютер жабдықтары	
1654	Өзге негізгі құрал-жабдықтар	
1655	Қаржы лизингіне қабылданған негізгі құрал-жабдықтар	
1656	Жалға беруге арналған негізгі құрал-жабдықтар	
1657	Жалға алған үйлер бойынша күрделі шығындар	
1658	Көлік құралдары	
1659	Материалдық емес активтер	
1660	Өз күшімен құрылған (дайындалған) материалдық емес активтер	
1692	Үйлер және ғимараттар бойынша есептелген амортизация	
1693	Компьютерлік жабдықтар бойынша есептелген амортизация	
1694	Өзге негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация	

1695	Қаржы лизингі бойынша алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация	
1696	Жалға беруге арналған негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация	
1697	Жалға алынған үйлер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация	
1698	Көлік құралдары бойынша есептелген амортизация	
1699	Материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация	
1700	Сыйақы алуға байланысты есептелген кірістері	
1705	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген кірістер	
1710	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша есептелген кірістер	
1725	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша есептелген кірістер	
1726	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақылар	
1727	Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша есептелген кірістер	
1728	Банктің, ипотека компаниясының және міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік, кепіл) болып табылатын салым бойынша есептелген кірістер	
1730	Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер	
1731	Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақылар	
1733	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер	
1734	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы	
1735	Бас офис пен оның филиалдары арасындағы есеп айырысу бойынша есептелген кірістер	
1740	Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер	
1744		

	Саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер	
1745	Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер	
1746	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер	
1747	Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар бойынша есептелген кірістер	
1748	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер	
1749	Өзге мерзімі өткен сыйақы	
1752	Есепке алынған вексельдер бойынша есептелген кірістер	
1755	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы активтері бойынша есептелген кірістер	
1756	Басқа да операциялар бойынша есептелген кірістер	
1790	Сыйақыны және шығыстарды алдын ала төлеу	
1792	Алынған заемдар және салымдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	
1793	Болашақ кезеңдер шығыстары	
1799	Өзге де алдын ала төлеулер	
1810	Есептелген комиссиялық кірістер	
1811	Аударым операциялары бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1812	Сақтандыру полистерін сату бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1813	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1814	Шетелдік валютасын сатып алу-сату бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1815	Сенімгерлік операциялар бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1816	Берілген кепілдіктер бойынша көрсеткен қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1817	Салымдарды қабылдау, клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу бойынша банктік қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	
1818	Өзге де есептелген комиссиялық кірістер	

1819	Кастодиандық комиссиялық кірістер	қызметтен	есептелген	
1820	Төлем құжаттарының комиссиялық кірістер	акцепті үшін	есептелген	
1821	Кассалық операциялар қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	бойынша	көрсеткен	
1822	Құжаттандырылған есеп есептелген комиссиялық кірістер	айырысу	бойынша	
1823	Форфейтингтік операциялар қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	бойынша	көрсеткен	
1824	Факторингтік операциялар қызметі үшін есептелген комиссиялық кірістер	бойынша	көрсеткен	
1830	Мерзімі өткен комиссиялық кірістер			
1831	Аударым қызметі кірістер	операциялары үшін мерзімі	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1832	Сақтандыру қызметі кірістер	полистерін сату үшін мерзімі	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1833	Бағалы көрсеткен комиссиялық кірістер	қағаздарды қызметі сатып үшін	алу-сату мерзімі	бойынша өткен
1834	Шетел көрсеткен комиссиялық кірістер	валютасын қызметі сатып үшін	алу-сату мерзімі	бойынша өткен
1835	Сенімгерлік қызметі кірістер	операциялар үшін мерзімі	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1836	Берілген қызметі кірістер	кепілдіктер үшін мерзімі	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1837	Салымдарды шоттарын қызметі кірістер	қабылдау, ашу және жүргізу үшін мерзімі	клиенттердің бойынша өткен	банктік көрсеткен комиссиялық
1838	Мерзімі өткен өзге де комиссиялық кірістер			
1839	Кастодиандық комиссиялық кірістер	қызмет бойынша	мерзімі өткен	
1840	Төлем құжаттарының өткен комиссиялық кірістер	акцепті үшін	мерзімі	
1841	Кассалық қызметі кірістер	операциялар үшін мерзімі	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1842				

	Құжаттандырылған есеп мерзімі өткен комиссиялық кірістер	айырысу бойынша	
1843	Форфейтингтік операциялар қызметі үшін мерзімі кірістер	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1844	Факторингтік операциялар қызметі үшін мерзімі кірістер	бойынша өткен	көрсеткен комиссиялық
1850	Өзге де дебиторлар		
1851	Салықтар және бюджетке міндетті төлемдер айырысу	төленетін бойынша	басқа да есеп
1852	Брокерлермен есеп айырысу		
1853	Акционерлермен есеп айырысу бойынша)	айырысу	(дивидендтер
1854	Қызметкерлермен есеп айырысу		
1855	Құжаттандырылған есеп айырысулар дебиторлар	айырысулар	бойынша
1856	Күрделі салымдар бойынша дебиторлар		
1857	Мерзімінен бұрын салынған табыс салығы		
1858	Шетел валютасы бойынша позициясы	валюталық	қысқа
1859	Шетел валютасының теңгемен құны (валюталық ұзақ позицияның)	көрсетілген	қарсы
1860	Банк қызметі бойынша өзге дебиторлар		
1861	Кепілдіктер бойынша дебиторлар		
1864	Акцептелген вексель үшін талаптар	клиентке	қоятын
1867	Банктік емес қызмет бойынша дебиторлар	өзге де	
1870	Өзге де транзиттік шоттары		
1873	Тазартылған қымбат металдар бойынша позициясы	бойынша	қысқа
1874	Тазартылған қымбат металдардың көрсетілген қарсы құны (тазартылған металдар бойынша валюталық ұзақ позицияның)	теңгемен	қымбат
1876	Өзге де банктік қызметтен арналған арнайы резервтер (провизиялар)	шығындарды	жабуға
1877	Банктік қызметке берешек бойынша арнайы резервтер (провизиялар)	байланысты шығындарды	дебиторлық жабуға арналған
1878			

	Банктік емес қызметке байланысты дебиторлық берешек бойынша шығындарды жабуға арналған арнайы резервтер (провизиялар)	
1879	Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	
1890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша талаптар	
1891	Фьючерс операциялары бойынша талаптар	
1892	Форвард операциялары бойынша талаптар	
1893	Опциондық операциялар бойынша талаптар	
1894	Спот операциялары бойынша талаптар	
1895	Своп операциялары бойынша талаптар	
1899	Басқа да операциялар бойынша талаптар	
	Жиынтығы Активтер бойынша	
	II класс - Міндеттемелер	
2010	Корреспонденттік шоттар	
2011	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары	
2012	Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары	
2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары	
2014	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары	
2016	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары	
2020	Басқа банктердің талап ету салымдары	
2021	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап ету салымдары	
2022	Шетелдік орталық банктердің талап ету салымдары	
2023	Басқа банктердің талап ету салымдары	
2024	Басқа банктердің талап ету салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған заемдар	
2034	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қысқа мерзімді заемдар	
2035	Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарынан алынған заемдардың құнын оң түзету шоты	

2036	Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді заемдар	үкіметінен	алынған	
2037	Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының органдарынан алынған заемдардың түзету шоты	Үкіметінен жергілікті	және билік	теріс
2038	Қазақстан Республикасының заемдар бойынша мерзімі өткен берешегі	үкіметінен	алынған	
2040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар			
2044	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған мерзімді заемдар		қысқа	
2045	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдардың құнын оң түзету шоты			
2046	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған мерзімді заемдар		ұзақ	
2047	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдардың құнын теріс түзету шоты			
2048	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша мерзімі өткен берешек			
2050	Басқа банктерден және банк операцияларының жөкелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар			
2051	Қазақстан Республикасының алынған заемдар	Ұлттық	Банкінен	
2052	Шетелдік орталық банктерден алынған заемдар			
2054	Басқа банктерден алынған заемдар		қысқа	мерзімді
2055	Басқа банктерден және банк операцияларының жөкелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның құнын оң түзету шоты			
2056	Басқа банктерден алынған заемдар		ұзақ	мерзімді
2057	Басқа банктерден алынған қаржы лизингі			
2058	Басқа банктерден алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек			
2059	Қазақстан Республикасының алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі	Ұлттық	Банкінен	
2064	Банк операцияларының жөкелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған мерзімді заемдар		қысқа	
2065	Басқа банктерден және банк операцияларының жөкелеген түрлерін жүзеге асыратын			

	ұйымдардан алынған заемның құнын теріс түзету шоты	
2066	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдар	
2067	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қаржы лизингі	
2068	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі	
2069	Алынған заемдар бойынша сыйлықақы	
2070	Алынған заемдар бойынша дисконт	
2110	Овернайт заемдар	
2111	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған овернайт заемдар	
2112	Шетелдік орталық банктерден алынған овернайт заемдар	
2113	Басқа банктерден алынған овернайт заемдар	
2120	Мерзімді салымдар	
2121	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары	
2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары	
2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)	
2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)	
2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар	
2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары	
2128	Басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты	
2129	Басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету шоты	
2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым	
2131	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қардарлық) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты	
2133	Басқа банктердің шартты салымдары	
2135		

	Басқа банктердің мерзімі өткен берешегі	мерзімді	салымдары	бойынша	
2136	Басқа банктерден құнын оң түзету шоты	тартылған	шартты	салымның	
2137	Басқа банктерден құнын теріс түзету шоты	тартылған	шартты	салымның	
2138	Басқа банктердің мерзімі өткен берешек	шартты	салымдары	бойынша	
2139	Қазақстан шетелдің банктерден сыйлықақы	Республикасының орталық тартылған	Ұлттық және салымдар	Банкінен, басқа бойынша	
2140	Қазақстан шетелдің банктерден дисконт	Республикасының орталық тартылған	Ұлттық және салымдар	Банкінен, басқа бойынша	
2150	Филиалдармен есеп айырысу				
2151	Бас офиспен есеп айырысу				
2152	Жергілікті филиалдармен есеп айырысу				
2153	Шетелдік филиалдармен есеп айырысу				
2200	Клиенттер алдындағы міндеттеме				
2201	Республикалық бюджеттің ақшасы				
2202	Жергілікті бюджеттің ақшасы				
2203	Клиенттердің ағымдағы шоттары				
2204	Салымдарға кепілдік беру табылатын жеке тұлғалардың ағымдағы шоты	(депозиттерге) (сақтандыру)	міндетті объектісі	ұжымдық болып	
2205	Салымдарға кепілдік беру табылатын жеке тұлғалардың салымдары	(депозиттерге) (сақтандыру)	міндетті объектісі талап ету	ұжымдық болып бойынша	
2206	Салымдарға кепілдік беру табылатын жеке тұлғалардың салымдары	(депозиттерге) (сақтандыру)	міндетті объектісі қысқа	ұжымдық болып мерзімді	
2207	Салымдарға кепілдік беру табылатын жеке тұлғалардың салымдары	(депозиттерге) (сақтандыру)	міндетті объектісі ұзақ	ұжымдық болып мерзімді	
2208	Салымдарға кепілдік беру табылатын жеке тұлғалардың шартты салымдары	(депозиттерге) (сақтандыру)	міндетті объектісі	ұжымдық болып	
2209					

	Салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын жеке тұлғалардың карт-шоттары	
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері	
2211	Клиенттердің талап ету бойынша салымдары	
2212	Клиенттердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары	
2213	Салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісіне жататын клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ететін (кепілдік беретін) салым	
2215	Клиенттердің қысқа мерзімді салымдары	
2217	Клиенттердің ұзақ мерзімді салымдары	
2219	Клиенттердің шартты салымдары	
2221	Клиенттердің карт-шоттары	
2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың кепілдік-салымдары	
2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым	
2224	Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша мерзімі өткен берешегі	
2225	Клиенттермен жасалған өзге операциялар бойынша мерзімі өткен берешегі	
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешегі	
2227	Алынған қаржы лизингі	
2228	Мерзімінде орындамаған нұсқаулар	
2230	Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек	
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2233	Клиенттердің мерзімді салымының құнын оң түзету шоты	
2234	Клиенттердің мерзімді салымының құнын теріс түзету шоты	
2235	Клиенттердің мерзімді шартты салымының құнын оң түзету шоты	
2236	Клиенттердің мерзімді шартты салымының құнын теріс түзету шоты	
2237	Қазақстан Республикасының валюта заңдарына сәйкес жөнелтушінің нұсқаларын сақтау шоты	

2238	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы	
2239	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт	
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (қарымжы, қадарлық) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты	
2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары	
2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары	
2300	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар	
2303	Айналысқа шығарылған өзге бағалы қағаздар	
2304	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы	
2305	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт	
2306	Сатып алынған облигациялар	
2400	Реттелген борыштар	
2401	Өтеу мерзімі бес жылдан төмен реттелген борыштар	
2402	Өтеу мерзімі бес жылдан жоғары реттелген борыштар	
2403	Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы	
2404	Айналысқа шығарылған реттелген облигациялар бойынша дисконт	
2405	Сатып алынған реттелген облигациялар	
2406	Реттелген облигациялар	
2550	Төлемдер бойынша есеп айырысуы	
2551	Басқа банктермен есеп айырысу	
2552	Клиенттермен есеп айырысу	
2700	Сыйақы төлеуге байланысты есептелген кірістері	
2701	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар	
2702	Басқа банктердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2703	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар	
2704	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар	

2705	Басқа банктерден алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар	
2706	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар	
2708	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар	
2711	Басқа банктердің овернайт заемдары бойынша есептелген шығыстар	
2712	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2713	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар	
2714	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2715	Бас офис пен оның филиалдары арасындағы есеп айырысу бойынша есептелген шығыстар	
2717	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар	
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар	
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2720	Клиенттердің талап ету бойынша салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2722	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салым-кепілдіктері бойынша есептелген шығыстар	
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар	
2725	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген шығыстар	
2726	Клиенттердің карт-шоттары бойынша есептелген шығыстар	
2730	Айналысқа шығарылған өзге бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар	
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар	

2740	Реттелген борыш бойынша есептелген шығыстар	
2741	Алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақылар	
2742	Талап ету бойынша салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2744	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2745	Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар	
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2747	Басқа банктер мен клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2749	Мерзімі өткен өзге сыйақы	
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыстар	
2770	Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар	
2770	Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар	
2790	Сыйақыны және кірістерді алдын ала төлеу	
2792	Берілген заемдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	
2793	Орналастырылған салымдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	
2794	Болашақ кезеңдердің кірістері	
2799	Өзге де алдын ала ақы төлеу	
2810	Есептелген комиссиялық шығыстары	
2811	Аударым операциялары бойынша қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстар	
2812	Сақтандыру полистерін сату бойынша қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстар	
2813	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстар	
2814	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстары	

2815	Сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстары	
2816	Алынған кепілдіктер бойынша қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстары	
2817	Клиенттердің карт-шоттары бойынша қызмет көрсетулер бойынша есептелген комиссиялық шығыстар	
2818	Есептелген өзге комиссиялық шығыстары	
2819	Кастодиандық қызмет бойынша қызмет көрсету бойынша есептелген комиссиялық шығыстары	
2820	Аудит және консультациялық қызмет көрсету бойынша есептелген шығыстар	
2830	Мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2831	Аударым операциялары бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2832	Сақтандыру полистерін сату бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2833	Бағалы қағаздар сатып алу-сату бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2834	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2835	Сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2836	Алынған кепілдіктер бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2838	Мерзімі өткен өзге комиссиялық шығыстары	
2839	Кастодиандық қызмет бойынша қызмет көрсету бойынша мерзімі өткен комиссиялық шығыстары	
2850	Өзге де кредиторлары	
2851	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысу	
2852	Брокерлермен есеп айырысу	
2853	Акционерлермен есеп айырысу (дивидендтер бойынша)	
2854	Қызметкерлермен есеп айырысу	
2855	Құжаттамалық есеп айырысу бойынша кредиторлар	
2856	Күрделі салымдар бойынша кредиторлар	

2857	Кейінге қалдырылған табыс салығы	
2858	Шетел валютасы бойынша валюталық ұзақ позициясы	
2859	Шетел валютасының теңгемен көрсетілген қарсы құны (валюталық қысқа позицияның)	
2860	Банктік қызмет бойынша өзге кредиторлар	
2861	Демалыс төлемақыларына арналған резерв	
2862	Кастодиандық қызметке байланысты міндеттемелері	
2864	Акцептер бойынша міндеттемелері	
2867	Банктік емес қызмет бойынша өзге кредиторлар	
2870	Өзге де транзиттік шоттар	
2872	Тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позициясы	
2873	Тазартылған қымбат металдардың теңгемен көрсетілген қарсы құны (тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позицияның)	
2874	Шартты міндеттемелер бойынша шығындарды жабуға арналған жалпы резервтер (провизиялар)	
2875	Шартты міндеттемелер бойынша шығындарды жабуға арналған арнайы резервтер (провизиялар)	
2890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша міндеттемелер	
2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер	
2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер	
2893	Опциондық операциялар бойынша міндеттемелер	
2894	Спот операциялары бойынша міндеттемелер	
2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер	
2899	Басқа да операциялар бойынша міндеттемелер	
	Жиынтығы Міндеттемелер	
	III класс - Меншікті капитал	
3000	Жарғылық капиталы	
3001	Жарғылық капитал - жай акциялар	
3002	Төленбеген жарғылық капитал - жай акциялар	
3003	Сатып алынған жай акциялар	
3025	Жарғылық капитал - артықшылықты акциялар	
3026	Төленбеген жарғылық капитал - артықшылықты акциялар	
3027	Сатып алынған артықшылықты акциялар	

3051	Жарғылық капитал - салымдар мен пайлар	
3052	Төленбеген жарғылық капитал - салымдар мен пайлар	
3053	Сатып алынған салымдар мен пайлар	
3100	Қосымша капитал	
3101	Қосымша төленген капитал	
3120	Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналары	
3120	Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарналары	
3500	Резервтік капиталы және қайта бағалау резервтері	
3510	Резервтік капитал	
3540	Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервтері	
3561	Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтері	
3580	Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (өтелмеген шығындар)	
3581	Шетел валютасының өткен жылдардағы қайта бағалау резервтері	
3582	Тазартылған қымбат металдардың өткен жылдардағы қайта бағалау резервтері	
3585	Заемдардың валюталық баламасын белгілей отырып өткен жылдардағы теңгемен есептелген заемдарды қайта бағалау резервтері	
3586	Салымдардың валюталық баламасын белгілей отырып өткен жылдардағы теңгемен есептелген салымдарды қайта бағалау резервтері	
3589	Басқа да қайта бағалау бойынша резервтер	
3590	Гиперинфляцияға арналған түзету шоты	
3599	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)	
	Жиынтығы меншікті капитал	
	Жиынтығы Пассив	

2. Кірістер және шығыстар баланстық шоттарындағы қалдықтар туралы ақпарат (мың теңгемен)

Баланстық шоттардың нөмірлері	Шоттардың және баланстық шоттардың кластарының, топтарының атауы	Сомасы
	V класс - Шығыстар	
5020	Корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	

5021	Қазақстан Республикасы корреспонденттік шоттары төлеуге байланысты шығыстар	Ұлттық бойынша	Банкінің сыйақы	
5022	Шетелдік орталық банктердің шоттары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар			
